

**ЖШС «Нұр-Бөбек» мектепке дейінгі шағын орталығының
педагогикалық кеңесі отырысының хаттамасы №2**

23.11.2022 жыл

Шымкент қаласы

Төрайымы -С.У.Таштаева

Хатшысы -Г.Е.Бейсеева

Қатысқандар – 5

Күн тәртібі

1.Балабақшадағы балалардың тілін дамытудың сөздік қорын байыта отырып өзара сөйлесудегі көркем әдеби тілін дамыту іс-әрекеті:

- Балабақшада бала тілін дамытудың маңызы –Г.Е.Бейсеева

- Тіл дамытудағы балалардың қабілеті – А.Каден

- Ұйымдастырылған оқу қызметінде қолданылатын әдіс тәсілдер – М.Изтилеуова.

- Мектепке дейінгі балалардың бір- біріне деген қарым- қатынасы- Б.Сейткәрім

2. Әртүрлі мәселелер.

1. Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша орталықтың әдіскері Г.Бейсеева «Балабақшада бала тілін дамытудың маңызы» тақырыбында толық мағұлмат бере отырып, тәрбиешілермен тренинг өткізді. Материал толық тигіліп отыр.

Тәрбиеші А.Каден мектепке дейінгі балалардың тіл дамуындағы өзекті мәселелерге тоқтала келіп, жалпы өз сабағында тіл дамыту бойынша көптеген әдіс- тәсілдерді қолданатындығын айта келіп, балалармен әртүрлі бағытта түрлі тәсілдерді пайдалана отырып көбірек жұмыс жүргізіп жатқандығын айтап көрсетті. Мектепке дейінгі балалардың бір- біріне деген қарым- қатынасын қалыптастыруда орта үлкен әсер ететіндігіне тоқталды.

Тәрбиеші М.Изтилеуова тіл дамытудағы балалардың қабілеті жақсы, олармен көп жұмыстар, яғни суреттер және кестелер бойынша, ертегілерді айтып беру, кейіпкерлердің ролдерін орындау жұмыстарын жүргізудемін, сөйлеулері өте қиын, алайда топтағы кейбір балалардың басқа балалардан қалып кетпес үшін қосымша жұмыстар өтудемін деп айтып өтті.

Тәрбиеші Б.Сейткәрім мектепке дейінгі балалардың тіл дамуына тәрбиешінің тіл байлығының ықпал етуі біздің өзімізге байланысты, ол үшін өздеріміздің тіл байлығымыз жоғары дәрежеде болуы қажет, соның негізінде балалардың тіл байлығы жақсарады.Тәрбиешілер өздері күнделікті сабаққа түрлі тәсілдерді алдын ала әзірлеп, дайын болуы қажет. Балалардың тілін дамытуда сурет бойынша әңгіме құрастыру, ертегілер бойынша түсініктерін айта білудің өзі көп нәтижеге жеткізетіні анық.

Сөз сөйлегендер:

1. А.Каден – жалпы тіл дамыту бағдарламасының әдіс- тәсілдерін күнделікті сабақтарда пайдаланатындығын айта келіп, балалардың тіл байлығын, сөйлеуін қалыптастыру үшін тәрбиешілердің тіл байлығы өз дәрежесінде болуына тоқталды.

3. Б.Сейткәрім- балалармен әртүрлі бағытта түрлі тәсілдерді пайдалана отырып көбірек жұмыс жүргізу қажеттігі, мектепке дейінгі балалардың бір- біріне деген қарым- қатынасын қалыптастыруда орта үлкен әсер ететіндігіне тоқталды.

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселелер бойынша орталық меңгерушісі С.Таштаева кеңесте қаралып отырған тақырып бойынша жұмысты жандандыру, әртүрлі әдістерді қолдана отырып сабақ өту, ішкі тәртіп ережесін сақтау, балалардың толық келуін қамтамасыз ету,

келмеген балаларды себептеріне сәйкес табельде күнделікті белгілеу қажеттігін атап көрсетті.

Қаулы етті:

1. Орталықтағы балалардың тілін дамытудың сөздік қорын байыта отырып өзара сөйлесудегі көркем әдеби тілін дамыту іс-әрекетінің өз дәрежесінде жүргізілуі жолға қойылсын.
2. Әрбір тәрбиеші топтары бойынша әрбір сабақта қолданатын әдіс- тәсілдері бойынша бір- бір ашық сабақ көрсету белгіленсін.
3. Жалпы орталық бойынша ішкі тәртіп ережесін сақтау, балалардың толық келуін қамтамасыз ету, күн тәртіп ережесін сақтау қатаң түрде қадағалансын.

Төрайымы

С.У.Таштаева

Хатшысы

Г.Е.Бейсеева

